

"Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 334/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қыркүйекте № 21211 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 279/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16750 болып тіркелген, 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-6-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарында (бұдан әрі – Қағидалар):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне (нен) (бұдан әрі – тізілім) енгізу (алып тастау) туралы, сондай-ақ тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу бойынша өтінімдерді қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – мемлекеттік органдардың, "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының және салалық қауымдастықтардың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұлттық даму институтының, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және электрондық өнеркәсіп саласындағы ұйымдар мен сарапшылардың өкілдерін тарта отырып, бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін енгізу жөніндегі өлшемшарттар, сондай-ақ тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу үшін және осы Қағидалардың талаптары негізінде тізілімге (нен) енгізу (алып тастау) туралы өтінімдерді қарау үшін уәкілетті орган құратын алқалы орган;

2) индустриялық сертификат – өтініш берушінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде бар екенін растайтын құжат;

3) өтініш беруші – Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау) немесе тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы өтінім берген электрондық өнеркәсіп немесе бағдарламалық қамтылым өнімін өндіретін жеке және/немесе заңды тұлға;

4) тізілім – ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін, елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары үшін құрылған бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізбесі;

5) сәйкестікті растау жөніндегі орган - сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

б) электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) индустриялық сертификаттың көшірмесі (қызмет түрі – "Бағдарламалық қамтылымды әзірлеу");";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Құжаттар тізімдемесі қоса берілген қағаз тасығыштағы ұсынылған құжаттары бар өтінімдерді Комиссия келіп түсуіне қарай, бірақ айына екі реттен артық емес ретпен қарайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімін тізілімге (тізілімнен) енгізу (шығару) Комиссияның хаттамалық шешімі негізінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Тізілімге бағдарламалық қамтылымды немесе электрондық өнеркәсіп өнімін енгізу туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Бағдарламалық қамтылым/электрондық өнеркәсіп өнімнің Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілгені туралы куәлік" (бұдан әрі - Куәлік) қалыптастырылады, оған бағдарламалық қамтылымды (электрондық өнеркәсіп өнімін) тізілімге енгізу күніне уәкілетті органның басшысы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды және өтініш берушіге жіберіледі.

Куәлік бағдарламалық қамтылым (электрондық өнеркәсіп өнімін) тізілімге енгізген күннен бастап жарамды болып саналады.

Тізілімнен бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімі алып тасталған жағдайда, уәкілетті органның басшысы бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімін тізілімнен алып тастау туралы бұйрық қабылдаған күннен бастап Куәлік жарамсыз болып табылады.

Уәкілетті орган бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімін тізілімнен алып тастау туралы бұйрық қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу Комиссияның хаттамалық шешімі негізінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Өтініш беруші осы Қағидалардың 11-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 11-1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген құжаттардың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті органға

құжаттардың өзектендірілген нұсқаларын ұсына отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы өтінім береді.

Бұл ретте, уәкілетті орган жылына кемінде 1 (бір) рет желтоқсан айында тізілімде қамтылған мәліметтердің өзектілігіне мониторинг жүргізеді.";

18-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімін өндіруші Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізілгенде;

6) уәкілетті орган өтініш берушінің дұрыс емес мәліметтерді және (немесе) дұрыс емес құжаттарды ұсыну фактілерін, сондай-ақ Қағидалардың 11 және 11-1-тармақтарында көзделген құжаттардың жарамдылығын жоғалту фактілерін өтініш берушінің бағдарламалық қамтылым (электрондық өнеркәсіп өнімі) тізілімде болған кезеңде анықтаған жағдайда, Комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асырылады.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.;

3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Электрондық өнеркәсіпті дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2020 жылғы 14 қыркүйегі
№ 334/НҚ бұйрығына
1-қосымша
Электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
сенім білдірілген өнімінің
тізілімін қалыптастыру және
жүргізу қағидаларына, сондай-ақ
электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
өнімін электрондық өнеркәсіп
пен бағдарламалық
қамтылымның сенім білдірілген
өнімінің тізіліміне енгізу
өлшемшарттарына
1-қосымша
Нысан

Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімі

Тізілім дік жазбан ың реттік нөмірі	Тізілім дік жазбан ың калыпт астыру күні	Бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өніміні ң атауы	Өтініш беруші туралы ақпарат			Сыртқы эконом икалық қызмет тің тауар номенк латурас ына сәйкес бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өнімдер інің коды (кодтар ы) (СЭҚ ТН)	Эконом икалық қызмет түрлері бойын ша өнім жіктеуі шіне сәйкес бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өнімдер інің коды (кодтар ы) (ЭҚ ТӨЖ)	Тауарл ардың, жұмыст ар мен қызмет тердің бірыңға й номенк латурал ық анықта малығы на сәйкес бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өнімдер інің коды (кодтар ы) (ТЖҚ БНА)	Бағдарл амалық қамтыл ым және электро ндық өнеркәс іп өнімдер і үшін техника лық және функци оналды қ сипатта малард ың қысқаш а сипатта масы	Алдыңғ ы және (немесе) балама атаулар , бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өніміні ң нұсқас ы (бар болса)	Тізілімг е енгізілг е н бағдарл амалық қамтыл ымның және электро ндық өнеркәс іп өнімдер інің шетелді к аналогт ары (бар болса)
			Өтініш беруші нің ЖСН/ БСН	Аты-жө ні Заңды тұлған ың атауы	Өтініш беруші нің байлан ыс деректе рі						
1	2	3	4			5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі

2020 жылғы 14 қыркүйегі
№ 334/НҚ бұйрығына
2-қосымша

Электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
сенім білдірілген өнімінің
тізілімін қалыптастыру және
жүргізу қағидаларына, сондай-ақ
электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
өнімін электрондық өнеркәсіп
пен бағдарламалық
қамтылымның сенім білдірілген
өнімінің тізіліміне енгізу
өлшемшарттарына
2-қосымша
Нысан

**Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің
тізіліміне енгізу туралы өтінім (керегінің астын сызу)**

- _____
- (уәкілеттік органның атауы) _____
- (заңды тұлғаның атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) _____
- (бағдарламалық қамтылымның (электрондық өнеркәсіп өнімінің) толық атауы) _____
- қызмет түрі _____
- басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____
БСН/ЖСН _____
- сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес бағдарламалық
қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің коды (кодтары) (СЭҚ ТН)

экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішіне сәйкес бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің коды (кодтары) (ЭҚ ТӨЖ)

— тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің коды (ТЖҚ БНА)

бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдері үшін техникалық және

функционалдық сипаттамалардың қысқаша сипаттамасы

алдыңғы және (немесе) балама атаулар, бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің нұсқасы (бар болса)

Тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің

шетелдік аналогтары (бар болса)

тіркелген заңды мекенжайы _____

байланыс тел. нөмірлері: _____

интернет-ресурсының мекенжайы: _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

(заңды тұлғалар үшін: қолданыстағы сенімхат негізінде заңды тұлғаның атауы және басшының немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (сенімхаттың берілген күні және нөмірі))

_____ 20 __ жылғы " ____ " _____.

(қолы)

М.П. (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі

2020 жылғы 14 қыркүйегі

№ 334/НҚ бұйрығына

3-қосымша

Электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
сенім білдірілген өнімінің
тізілімін қалыптастыру және

жүргізу қағидаларына, сондай-ақ
электрондық өнеркәсіп пен
бағдарламалық қамтылымның
өнімін электрондық өнеркәсіп
пен бағдарламалық
қамтылымның сенім білдірілген
өнімінің тізіліміне енгізу
өлшемшарттарына
3-қосымша
Нысан

Уәкілетті органның бланкісі Бағдарламалық қамтылым/электрондық өнеркәсіп өнімін Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілгені туралы № _____ куәлік

Осымен _____

— (өтініш берушінің Т. А.Ә. (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі; заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ (бағдарламалық қамтылымның/электрондық өнеркәсіп өнімнің толық атауы)

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің _____ № _____ бұйрығына сәйкес Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілгенін расталады.

Министр
(қолы)

_____ Т.А.Ә.

20 __ жылғы " ____ " _____.

QR – код

Тізілім интернет-ресурстардың бірыңғай платформасында жарияланған